

Латвия Республикасы Еуропалық Одаққа мүше мемлекет болғанын ескере отырып, ақпараттық технологиялар саласындағы және идеялармен, ақпаратпен, дағдылармен және тәжірибе алмасу арқылы өзара мүддені білдіретін салалардағы ынтымақтастық екі Тарапқа да тиімді болу фактісін назарға ала отырып, ақпараттық технологиялар қуаттарын және ақпараттық технологиялар ұсынатын қолданбалы бағдарламалар мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдаланудағы

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы ақпараттық-технологиялық шешімдер мен қолданымдарды алға жылжыту және әзірлеу саласында алған тәжірибені қолдану мақсатында Тараптар мемлекеттерінің мамандарына бірлескен іс-қимыл жасауға мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

5-бап

Осы Келісім шеңберіндегі құзыретті органдар:

Қазақстан тарабы үшін - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі ;

Латвия тарабы үшін - Латвия Республикасының Электронды басқару ісі бойынша ерекше тапсырмалар жөніндегі министрінің Хатшылығы болып табылады.

Құзыретті органдардың функциялары басқа органдарға берілген не құзыретті органдардың ресми атаулары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бұл туралы бір-біріне кешіктірмей хабарлайды.

6-бап

Тараптардың бірлескен жұмысы үшін жұмыс тілдері - орыс және ағылшын тілдері.

Құзыретті органдардың бірлескен жұмысын бастар алдында Тараптар қандай жұмыс тілі пайдаланылатыны туралы уағдаласады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер жолымен шешеді.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 9-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Келісім Тараптардың тиісті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығын растайтын соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді .

Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірі тиісті бес жылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын өзінің оның қолданылуын тоқтату ниеті

туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жібермеген жағдайда Келісім автоматты түрде келесі бес жылдық кезеңдерге ұзартылатын болады.

Егер Тараптар кері қимыл туралы уағдаласпаса, Келісімнің қолданылуын тоқтату оның қолданылу мерзімінде басталған бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды қ о з ғ а м а й д ы .

2006 жылғы "___"_____ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, латыш және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада қол қойылды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей .

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Латвия Республикасының
Үкіметі үшін*